

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
М. БӨКЕНБАЕВ атындағы АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

Бекіткен
Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрінің
Төрағасы
Н. Мухаметкалиев
02.05.2024 ж. 05



7М12301 – «Құқық қорғау қызметі» даярлық бағыты бойынша
«Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» (жалпы және ерекше
бөл.)» пәнінен магистратураға түсу емтихандарының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Ақтөбе - 2024

7М12301 – «Құқық қорғау қызметі» даярлау бағыты бойынша
«Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік құқығы (жалпы және
ерекше бөл.)» пәнінен магистратураға түсу емтихандарына
БАҒДАРЛАМАСЫ

Аталған бағдарлама мемлекеттік білім беру стандартының, «Құқық қорғау қызметі» бағыты бойынша «Қылмыстық - процесстік құқығы» типтік оқу бағдарламасының негізінде, қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымының теориялық жетістіктерін басшылыққа алып Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік заңнамасына сүйеніп, әзірленген.

Бағдарламада қылмыстық процесстік құқығының қазіргі жағдайдағы жаңа бағыттары және тенденциялары ескерілген.

Мұнда қылмыстық процесстік құқығы ғылымының негізгі сұрақтары және қылмыстық процесстік заңнамасының өзекті сұрақтары қамтылған.

Бағдарламада оқуға міндетті ұсынылған әдебиеттердің тізімі және нормативті материал көрсетілген.


Оқуға түсушілер қолданыстағы нормативтік материалды басшылыққа алып, оны өз бетінше талдап, нақты өмірлік жағдайларға қолдана білуі керек.

Емтиханға жауап беру кезінде магистратураға түсуші теориялық ережелерді мемлекеттік, құқық қорғау органдарының практикалық қызметінен және қолданыстағы нормативтік актілерден нақты мысалдармен көрсете білуі керек.

Болашақ магистранттарды конкурстық іріктеу олардың ой-өрісінің кеңдігі, ойлау мәдениеті туралы түсінік беруі, сондай-ақ оларда кәсіби құқықтық ойлауды қалыптастыру қабілетін анықтауға мүмкіндік беруі тиіс.

Магистратураға түсу емтиханының бағдарламасы қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының отырысында қаралды. 2024 жылғы «08» мамырдағы № 18 хаттама.

ҚҚҚПжК кафедрасының бастығы
полиция полковнигі



Н.Т. Саханова

Магистратураға түсу емтиханының бағдарламасы Оқу-әдістемелік кеңесі отырысында талқыланып мақұлданды, № 11 Хаттама «23» 05 2024 жыл.

Магистратураға түсу емтиханының бағдарламасы Ғылыми кеңес шешімімен бекітілді, № 9 Хаттама «29» 05 2024 жыл.

Пән мінездемесі

Қылмыстылықпен күрес барлық мемлекеттік органдардың назарына алынған. Сотқа дейінгі тергеу, прокуратура және сот органдарының мұнда айрықша рөлі бар. Олардың қызметі заңдылықты нығайту және бұзушылықтардың жолын кесу үшін үлкен маңызға ие. Анықтама, алдын ала тергеу және соттың заңмен реттелген қылмыстық-процестік қызметі қылмыстарды ашуға және болдырмауға бағытталған. Қылмыстық істердің өндірісі, талқылауы және қылмысты істеуге кінәлілерді жазалау «Қазақстан Республикасы қылмыстық - процестік құқығы (жалпы және ерекше бөл.)» пәнінің затын құрайды.

Қылмыстық процесстік тұлғаның жеке басына қол сұқпаушылықты, жеке өмірдің құпиясын және басқа да құқықтар мен бостандықтардың негізсіз кемсідуден немесе бұзудан нақты құқықтық кепілдіктерді белгілейді. Сонымен бірге, қылмыстардан жәбір шеккендерге қорғану және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру құралдарын беріп, олардың соттық қорғалуын қамтамасыз етеді.

«Құқық қорғау қызметі» бағыты бойынша магистратураға түсу және оқу қылмыстық сот өндірісі саласындағы орнықты білімге ие, құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметіне, Қазақстан Республикасы жоғары оқу және ғылыми мекемелеріндегі ғылыми және педагогикалық қызметіне жоғары деңгейдегі білікті мамандарды даярлауды талап етеді.

Магистратураға түсушілер жоғары теориялық деңгейде қылмыстық сот өндірісінің мәнін және міндеттерін, қылмыстық процестің негізгі принциптерін, дәлелдемелер теориясын, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудің тәртібін, айыпталушыны сотқа тапсыру және соттық іс жүргізудің сұрақтарын, апелляциялық, кассациялық инстанциялардағы соттарда істерді қараудың тәртібін, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қайта қарау тәртібін, жекелеген санаттардағы қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктерін білуі тиіс.

Қазақстандық заңнамадағы соңғы өзгерістерді ескеріп, дайындалған «Қазақстан Республикасының қылмыстық - процестік құқығы (жалпы және ерекше бөл.)» пәні бойынша қабылдау емтиханын тапсыруға арналған бағдарлама 7М12301 – «Құқық қорғау қызметі» бағыты бойынша магистратураға түсуге көмектеседі.

Пән бойынша тақырыптары тізімі
«Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік құқық (жалпы және ерекше бөл.)»

1-тақырып. Қылмыстық процесстік құқығының ұғымы, міндеті және мәні.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік құқығы» курсының пәні, жүйесі және негізгі ұғымдары. Қылмыстық процесстік қатынастарының ерекшеліктері.

Қылмыстық процесстік құқығы көздерінің түсінігі және түрлері.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік заңнамасының жүйесі.

Қылмыстық процесстік заңының кеңістікте, уақытта және адамдар бойынша қолданылуы. Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу құқығын қолдану.

Қылмыстық процесстік нормалары: олардың түрлері мен құрылымы. Қылмыстық іс жүргізу нормаларының санкцияларының ерекшеліктері.

2-тақырып. Қылмыстық процесстік қағидаттары.

Қылмыстық процесстік қағидаттарының ұғымы және маңызы.

Қылмыстық процесстік қағидаттарының жүйесі, олардың топтары. Қылмыстық процесстік қағидаттары және оның кейбір сатыларының жалпы шарттарының арақатынасы. Қылмыстық процесстік қағидаттарын жүзеге асырудың процесстік кепілі.

Қылмыстық процесстік қағидаттарының нақты сипаттамасы. Заңдылық. Сот әділ шешімін тек сот арқылы жүзеге асыру. Адам және азаматтың құқығы мен бостандығын тек сот арқылы қорғау. Тұлғаның қадір-қасиеті және ар-ожданын сыйлау. Жеке басқа қол сұқпаушылық. Қылмыстық іс бойынша өндірісте құқық және бостандықты сақтау. Жеке өмірге, тұрғын үйге, меншікке қол сұқпаушылық. Кінәсіздік презумпциясы және айыпталушының қорғану құқығы қағидаттарын жүзеге асыру. Қайта қылмыстық қудалау және соттауды болдырмау. Заң және сот алдындағы тепе-теңдік. Соттардың тәуелсіздігінің процессуалдық кепілі. Тараптардың тең құқықтылығы және сайысушылық. Істің мән-жайын жанжақты, толық және объективті зерттеу. Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерге баға беру. Куәнің иммунитеті. Білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз ету. Жариялық қағидаттарын жүзеге асыру. Қылмыстық сот өндірісінің тілі. Процесстік шешімдер мен әрекеттерге шағымдану бостандығы.

3-тақырып. Қылмыстық процесстік қатысушылар.

Қылмыстық процесстік қатысушылардың ұғымы, олардың топтары.

Қылмыстық процесстік қатысушы мемлекеттік органдар мен тұлғалар.

Сот – қылмыстық іс бойынша әділ шешімді жүзеге асыратын сот билігі органы. Тергеу судьясы. Олардың процесстік мәртебесі, өкілеттіктері, қарсылық білдіру негізі, оны шешу тәртібі. Қылмыстық істі жалғыз және сот алқасы құрамында қарауы.

Қылмыстық ізге түсу функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар. Прокурор, оның процессуалдық жағдайы. Тергеу бөлімінің бастығы. Тергеуші. Анықтау органдары. Анықтаушы. Олардың процестік мәртебесі. Қарсылық білдіруге негіз, оны шешудің тәртібі.

Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғау арқылы іс жүргізуге қатысушылар. Күдікті, айыпталушы: ұғымы, процестік жағдайлары. Қылмыстық іске қорғаушыны жіберу. Қылмыстық іске қорғаушының міндетті қатысуы. Қорғаушыны тағайындау, ауыстыру. Қорғаушыдан бас тарту. Жәбірленуші, жекеше айыптаушы, ұғымы, айырмашылығы және процестік жағдайы. Азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер: ұғымы, процестік жағдайы. Өкілдер, қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың заңды өкілдері: ұғымы, құқықтары мен міндеттері.

Қылмыстық процестік қатысушы өзге де адамдар. Куә. Қорғалуға құқығы бар куә. Сарапшы. Маман. Аудармашы. Куәгер. Сот отырысының хатшысы. Сот приставы. Медиатор. Олардың құқықтары мен міндеттері. Қарсылық білдіруге негіз, оны шешудің тәртібі.

4-тақырып. Қылмыстық қудалау және ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу.

Қылмыстық ізге түсудің ұғымы және түрлері.

Жекеше айыптау тәртібінде қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру. Жекеше-жариялық тәртіпте қылмыстық ізге түсудің ерекшеліктері. Жариялық айыптау істері бойынша қылмыстық ізге түсудің тәртібі.

Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырудың жалпы шарттары. Қылмыстық ізге түсудің сырттай түрі: негізі және процессуалдық тәртібі. Коммерциялық немесе өзге де ұйымның арызы бойынша қылмыстық жауапқа тарту.

Қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайлар.

Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар. ҚР Қылмыстық кодексінің 68 бабын қолдану ерекшелігі.

Қылмыстық процестегі ақтаудың негізі және ұғымы.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеттіруге құқығы бар адамдар.

Өтелуге жататын зиянның түрлері. Моральдық зиянның зардаптарын жою. Талап қою мерзімдері.

Зиянды өтеу құқығын тануға негіз болатын қылмыстық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың заңсыз әрекеттері.

5-тақырып. Іс бойынша іс жүргізу. Процестік мерзімдер.

Қылмыстық сот өндірісіндегі процестік шешімдердің ұғымы және құқықтық мағынасы. Заңды және іс жүзіндегі шешімнің негіздері. Процестік шешімдерде басқа құқық салаларының нормаларын қолдану.

Процестік шешімдердің заңдылығы, негізділігі, дәйектілігі және әділдігінің ара қатынасы.

Қылмыстық іс жүргізудегі процестік құжаттардың ұғымы, олардың түрлері және мағынасы.

Қылмыстық істерді біріктіру және бөлектеу: негіздер, мерзімін санау.

Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау.

Процестік мерзімдер: ұғымы, мағынасы, түрлері, санау тәртібі. Процестік мерзімдерді сақтау міндеті, процестік мерзімдерді ұзарту және жаңғырту.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің форматы (қағаз және электрондық формат).

Қылмыстық процесте қауіпсіздікті қамтамасыз ететін субъект және объекттер. Қылмыстық ізге түсуге көмектесетін процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. Қылмыстық іс бойынша құпиялықты сақтау.

6-тақырып. Қылмыстық процестегі мүліктік мәселелер.

Қылмыстық іс жүргізуде шешілетін мүліктік сұрақтардың ұғымы мен түрлері.

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талаптың ұғымы және мағынасы. Қылмыстық іс бойынша азаматтық талапты қараудың ерекшелігі. Арызданған азаматтық талап бойынша қабылданатын шешімдердің түрлері.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында еңбекке ақы төлеу және шығындарды өтеу. ҚР ҚПК 68-бабы тәртібінде қорғаушының заң көмегін көрсеткені үшін сыйақы төлеу

Іс жүргізу шығындары: ұғымы және құрылымы, куәларға, жәбірленушілерге және олардың өкілдеріне, сарапшыларға, аудармашыларға және куәгерлерге қатысты шыққан шығындарды өтеудің тәртібі және көлемі.

Жәбірленушіге зиянды өтем ақысын келтіру қоры.

7-тақырып. Қылмыстық процесте дәлелдемелер мен дәлелдеу

Қылмыстық процестегі дәлелдемелердің түсінігі мен маңызы Дәлелдемелердің салыстырмалылығы, жарамдылығы, сенімділігі және жеткіліктілігі. Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер Қылмыстық процестегі дәлелдеу пәнінің түсінігі мен құрылымы. Дәлелсіз анықталған жағдайлар. Преюдиция. Дәлелдеу шектері Дәлелдемелерді жіктеу. Жеке және заттай, бастапқы және туынды, тікелей және жанама, айыптау және ақтау дәлелдері

Дәлелдеу процесі туралы түсінік. Дәлелдеу процесінің элементтері Дәлелдемелерді жинау, оның мазмұны: дәлелдемелерді табу, бекіту және алу Дәлелдемелерді анықтаудың және бекітудің процестік әдістері.

8-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде процестік мәжбүрлеу шаралары.

Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шаралары: ұғымы, жүйесі және мәні.

Қылмыстық процестік ұстап алу: ұғымы, мақсаттары, негіздері, себептері мен жағдайлары. Күдіктіні ұстап алудың тәртібі мен мерзімдері. Ұстап алынғанды босатудың негіздері мен тәртібі. Күдіктіні ұстап алуды және оны босатуды іс жүргізулік рәсімдеу.

Жеткізу: түсінігі, мақсаты және есептеу мерзімі.

Қылмыстық процесте жолын кесу шараларының ұғымы, мәні және жүйесі. Жолын кесу шараларын қолданудың негіздері мен іс жүргізулік тәртібі. Бұлтартпау шарасын таңдау барысында ескерілетін мән-жайлар. Күдіктіге қатысты бұлтартпау шараларын қолданудың ерекшеліктері.

Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау аруды қолданудың іс жүргізулік тәртібі. Күзетпен ұстаудың мерзімдері мен оларды ұзартудың тәртібі. Күзетпен ұстаудың мерзімдерінің саналу ерекшеліктері. Күзетпен ұстаудағы тұлғалардың мүлкіне қамқоршылық және қараушылық жасау шаралары.

Үйқамақта ұстау және кепілгерлік: қолдану негіздері мен тәртібі.

Қылмыстық іс жүргізуде қылмыстын жолын кесудің өзге де шаралары. Оларды қолданудың іс жүргізулік жағдайлары мен ерекшеліктері. Нақты бұлтартпау шарасын таңдау кезінде қойылатын қосымша талаптар.

Бұлтартпау шарасын бұзу немесе өзгертудің негіздері мен тәртібі.

Қылмыстық процестік мәжбүрлеудің өзге де шаралары: қолдану негіздері мен тәртібі.

9-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы мен қылмыстық теріс қылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуының ұғымы, мәні және мақсаттары.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына шешетін құзыретті органдар мен лауазымды тұлғалар.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы келіп түскен арыздар мен хабарламалар бойынша анықтау органдары мен алдын ала тергеу органдарының әрекеттері.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы келіп түскен арыздар мен хабарларды тіркеу тәртібі.

Сотқа дейінгі тергеп- тексерудің бастау себептері және процестік тәртіп.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы келіп түскен арыздар мен хабарларды тергеу реттілігімен жолдау.

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында процестік бақылау, прокурорлық қадағалау және соттық тексеріс.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу ерекшеліктері.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің себептері.

Хаттамалық нысанда қарастырудың мерзімдері.

10-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары.

Сотқа дейінгі іс жүргізудің ұғымы, маңызы және мақсаттары.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысаны: алдын ала тергеу, анықтау және хаттамалық нысан.

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің себептері мен процестік тәртібі.

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібі.

Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі.

Тергеу әрекеттерінің жалпы ережелері.

Тергеу реті: ұғымы және түсінігінің белгілері. Тергеу реті бойынша істерді беру тәртібі. Тергеу ретінің белгілері бойынша сайысушылық.

Сотқа дейінгі тергеп- тексеру жүргізілетін жер.

Сотқа дейінгі тергеп- тексерудің мерзімі.

Тергеу, жедел - тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп- тексеруді жүргізуі. Топ жетекшісінің өкілеттіктері.

Органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау.

Заң бұзушылыққа және қылмыстық құқық бұзушылыққа әкеліп соқтыратын жағдайлардың алдын алу шараларын жүргізу.

Сотқа дейінгі тергеп- тексеру деректерін жария етуге жол бермеу.

11-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізі барысындағы тергеу әрекеттері.

Тергеу әрекеттерінің түсінігі, түрлері және жүйесі.

Жауап алу, беттестіру, қарап-тексеру, эксгумациялау, куәландыру, тану, тінту, алу, айғақтарды оқиға орнында тексеру және нақтылау, тергеу эксперименті ұғымы, негіздері, жүргізу тәртібі және іс жүргізу ресімделуі.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу және ресімдеу ұғымы, түрлері, шарттары, тәртібі. Жасырын тергеу әрекеттерінің жүйесі мен жіктелуі.

Сот сараптамасы: тағайындау, өндіру түсінігі, негіздері және процедуралық тәртібі. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау жағдайлары.

Заттар мен құжаттарды ұсыну. Тәртібі мен ресімделуі.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алу: түсінігі, түрлері, негіздері және іс жүргізу тәртібі. Процестік ресімдеу.

12-тақырып. Адамды күдікті деп тану. Процестік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізу.

Адамды күдікті деп тану туралы негіздер және оған жариялау.

Күдіктінің іс- әрекетін саралануын айқындау және оның негіздері мен тәртібі.

Адамды күдікті ретінде тану туралы процестік тәртібі.

Күдіктінің іс- әрекетін саралануына өзгерістері мен толықтырулар.

Процестік келісімді жасасуға арналған негіздер мен шарттар.

Процестік келісім жасалудың нысандары: ынтымақтастық туралы және кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу, олардың нәтижелері.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімді жасасудың және бекітудің тәртібі.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімнен кейін қылмыстық іс бойынша лауазымды тұлғалардың әрекеттері.

13-тақырып. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп- тексеру мерзімдерін үзу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзудің ұғымы, негіздері және шарттары.

Сотқа дейінгі тергеп- тексеру мерзімдерін үзудің процестік тәртібі.

Сотқа дейінгі тергеп- тексеру мерзімдерін үзу және сотқа дейінгі тергеп- тексеруді қайта бастау үшін сотқа дейінгі іс жүргізетін тұлғаның әрекеттері.

Күдіктіні, айыпталушыны жария етудің түрлеру және процессуалдық тәртібі.

Сотқа дейінгі іс жүргізетін тұлғаның, прокурордың жоғалған қылмыстық іс бойынша әрекеттері.

Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және үзудің негіздері.

Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және үзудің тәртібі.

14-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізудің аяқталуы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізудің ұғымы мен түрлері.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізуді айыптау актісімен аяқталуының процестік тәртібі мен негіздері.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізуді тоқтату туралы қаулысымен аяқтау.

Айыптау актісін жасау барысында тергеушінің әрекеті. Айыптау актісінің мазмұны мен нысандары. Айыптау актісіне тіркелетін қосымшалар.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізуді үзу барысында тергеушінің әрекеттері.

Прокурордың келіп түскен қылмыстық іс бойынша әрекеттері (айыптау актісімен, сотқа дейінгі тергеп- тексеруді үзу туралы қаулысымен).

Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны және қылмыстық істің материалдарымен жәбірленушіні, күдіктіні және қорғаушыны таныстыру.

Үзілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды қайта бастау негіздері және тәртіптері.

Үзілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды қайта бастағаннан кейін сотқа дейінгі іс жүргізетін тұлғаның әрекеттері.

Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтірудің тәртібі.

15-тақырып. Қылмыстық істердің соттылығы.

Қылмыстық істің соттылығының ұғымы, маңызы және белгілері.

Қылмыстық істің соттылығы мен тергеулік ретінің айырмашылығы.

Бірнеше қылмысқа қатысты немесе айыпталушыларға қатысты қылмыстық істің соттылығы.

Істі қылмыстық істің соттылығына қарай беру. Қылмыстық істің соттылығына қатысты дауларды шешу.

16-тақырып. Басты сот талқылауының сатысы. Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу.

Басты сот талқылауы сатысының мәні, мәні және міндеттері.

Қылмыстық істі алдын ала тыңдаудың негіздері мен тәртібі.

Басты сот талқылауының жалпы шарттары.

Басты сот талқылауын кейінге қалдырудың және қылмыстық істі тоқтата тұрудың негіздері мен тәртібі.

Істі қосымша тергеуге жіберудің негіздері мен тәртібі. Басты сот талқылауында істі тоқтату.

Басты сот талқылауының тәртібі.

Басты сот талқылауының қаулылары мен хаттамасы.

Алқабилер қатысатын істерді қарау тәртібі.

Алқабилер сотында қылмыстық істерді қарау шарттары.

17-тақырып. Үкім және үкімді шығару (апелляция, кассация).

Сөйлем ұғымы және оның мағынасы. Түрлері үкімдер. Айыптау немесе ақтау үкімін шығару негіздері.

Үкімнің мазмұны мен құрылымы. Үкімді жариялау.

Соттың жеке қаулысы. Олардың түрлері, мәні мен маңызы.

Апелляциялық және кассациялық іс жүргізу сатысының түсінігі, міндеттері және мәні. Апелляциялық және кассациялық шағымның, наразылықтың мазмұны, нысаны мен нысанасы. Апелляциялық және кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізудің жалпы шарттары. Үкімдерге апелляциялық, кассациялық шағым беру, наразылық келтіру тәртібі мен мерзімдері.

Сот үкімі мен қаулысының күші жойылғаннан кейін істі қарау.

Қайталама шағымдар беру, қайталама наразылықтар келтіру тәртібі.

18-тақырып. Сот үкімдері мен қаулылыларын орындау сатысы.

Сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысының түсінігі, міндеттері және маңызы.

Соттың қаулысы мен үкімінің заңды күшіне енуі.

Соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісудің тәртібі және мерзімі.

Соттың қаулысы мен үкімін орындайтын органдар.

Үкімді орындауды тоқтата тұру: негіздері, тәртібі.

Үкімді орындау барысында сот қарастыратын сұрақтар. Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді шешу тәртібі.

Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді шешу бойынша соттардың құзыреттілігі. Соттылықты алу туралы өтініштерді қарастыру.

Сотталушыны өзі сол мемлекеттің азаматы болып табылатын елге өткізудің негіздері, шарттары мен тәртібі. Шет мемлекеті соттарының үкімін орындаумен байланысты сұрақтарды соттың шешу тәртібі.

19-тақырып. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жаңғырту сатысы.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жаңғырту сатысы ұғымы, маңызы, мақсаттары.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жаңғыртудың тәртібі, себебі, негізі.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жаңғыртудың ұғымы, түрлері. Жаңғырту өндірісінің мерзімі.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі тексеру, тергеу. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі прокурордың тексеруі.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жаңғыртуда сот шешетін мәселелер. Жаңғырту туралы сот шешетін мәселелер.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жаңғырту туралы прокурордың қорытындысын қарайтын соттың қаулысы.

Сот шешімін жоюдан кейінгі іс әрекеттер. Соттың азаматтық талап арызды қарауы.

20-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталуының ерекшелігі.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша дәлелдеудің заты.

Кәмелетке толмағандардың қатысуымен қылмыстық істерді тергеудің айырмашылығы.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық істері бойынша педагог, психолог, қорғаушының қатысуы.

Кәмелетке толмағандарға бұлтартпау шараларын қолданудың ерекшелігі.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық істерін сотта қарау.

Кәмелетке толмаған адамды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру түріндегі тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шарасынан мерзімінен бұрын босату.

21-тақырып. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істерін бойынша іс жүргізу ерекшелігі.

Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізудің ұғымы мен маңызы.

Артықшылықтары бар адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша алдын ала тергеудің ерекшеліктері. Қылмыстық іс жүргізу артықшылықтарынан айыру тәртібі. Артықшылықтары бар адамдарға қатысты қылмыстық істі сотта талқылау.

ҚР-да қылмыстық қудалаудан иммунитетті пайдаланатын адамдар тобы. Иммунитеті бар адамдарға қарсы қылмыстық қудалауды бастау ерекшеліктері.

Қылмыстық қудалаудан дипломатиялық иммунитеті бар адамдардың істері бойынша сот талқылауының ерекшеліктері.

22-тақырып. Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларанын қолдану туралы істері бойынша сот ісін жүргізу.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі іс жүргізуді жүзеге асырудың негіздері мен шарттары.

Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі дұрыс емес жағдайда жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы бұзылған адамдардың істері бойынша алдын ала тергеудің ерекшеліктері.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша алдын ала тергеу аяқталғаннан кейінгі шешімдер.

Сот талқылауының ерекшеліктері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тоқтатудың, өзгертудің және ұзартудың негіздері мен тәртібі.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамға қатысты қылмыстық істі қайта бастау.

23-тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Халықаралық қатынастың түсінігі.

Халықаралық қатынастың нысандары.

Шетел азаматтарын қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін берудің тәртібі.

Экстрадициялық қамаққа алу.

Құқықтық көмек көрсету бойынша халықаралық тапсырмалардың түрлері.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің халықаралық келісімдері.

Халықаралық ара қатынастың іс жүргізулік тәртібі.

Халықаралық ынтымақтастықтың болашағы.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:
Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (толықтырулар мен өзгертулерімен 17.09.2022ж.)
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 04.№07№2014 ж. (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024ж.)
3. Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N132 Конституциялық заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024)
4. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы», 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024)
5. Қазақстан Республикасының «Кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық іс жүргізуді енгізу туралы», Заңы 2006 жыл 16 қаңтар № 122-III Заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024 г.)
6. Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы», 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024)
7. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы», 2017 жылғы 30 шілдедегі № №81-VI Заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024)
8. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызметі туралы», 2018 жылғы 05 шілдедегі № 195 Заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024)
9. Қазақстан Республикасының «Сот сараптамасы қызметі туралы», 2017 жылғы 10 ақпандағы Заңы (толықтырулар мен өзгертулер 01.05.2024)
10. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы», 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024)
11. Қазақстан Республикасының «Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы», 2000 жылғы 5 шілдедегі № 72 Заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024)
12. Қазақстан Республикасының «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшалауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы», 1999 ж. 30 наурыз Заңы (толықтырулар мен өзгертулерімен 01.05.2024 ж.)
13. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Декларация біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А
14. Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандарты ережелер («Пекин ережелері»), БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған.
15. Қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жинағы, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1988 ж. 9 желтоқсандағы 43\173 қарарымен бекітілді
16. Түрмеге қамауға алу мен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері), БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45\110 қарары
17. Соттық ізге түсуді жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты басқару қағидадары. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. желтоқсандағы қарары.

Заңгер рөліне қатысты негізгі қағидаттар, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. желтоқсандағы қарары.

18. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық құқық бұзушылықтармен зардап шеккен адамдардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы», 1992 жылғы 24 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы

19. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық процесте азаматтық талапты қарастыру туралы», 2005 жылғы 20 шілдедегі №1 нормативтік қаулысы

20. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы», 1999 жылғы 09 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысы

21. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Моральдық зиянды өтеу туралы соттардың өтініштері туралы», 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы

22. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Заңды тұлғалардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиеті мен іскерлік беделін қорғау туралы заңды қолдану туралы», 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысы

23. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот үкімі туралы», 2002 жылғы 15 тамыздағы № 19 нормативтік қаулысы

24. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы «Адвокат төлейтін құқықтық көмек көлемін анықтау және қорғау мен өкілдіктің шығындарын өтеу туралы» № 1110 қаулысы.

25. «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеудің бірінғай тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Бас прокурорының № 89 Бұйрығы 2014 жылғы 19 қыркүйекте бекітілді.

Негізгі:

1. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции: Учеб.пособие – Алматы, 2012.

2. Арстанбаева Б. Б. Процессуальный статус следователя: проблемы теории и практики: Диссертация – Алматы, 2012.

3. Ахпанов А.Н., Ахмеджанов Ф.Р. Актуальные вопросы модернизации основных начал казахстанского уголовного процесса: Монография – Астана, 2018.

4. Булеулиев Б.Т. Отечественный суд присяжных: история, теория и практика: Монография - Астана, 2012.

5. Журсимбаев С.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть. Досудебное производство: Учебник. Алматы: Изд-во NURPRESS, 2011.

6. Гинзбург А.Я. Допрос и проверка показаний: уголовно-процессуальные и криминалистические вопросы: Учеб.-прак. пособие - Алматы, 2008.

7. Гинзбург А.Я., Когамов М.Ч. Основы тактики опроса граждан в оперативно-розыскной и уголовно-процессуальной деятельности по законодательству Республики Казахстан: Учеб.-практ. пособие - Астана, 2005.

8. Гинзбург А.Я. Задержание подозреваемого в совершении преступления. Процессуальные и криминалистические вопросы: Учеб.-практ. пособие - Алматы, 2006.

9. Ерешев Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2006. - 216 б.

10. Едресов С.А. Особенности производства осмотра места происшествия в учреждениях УИС: Монография - Костанай, 2015.

11. Иксатова С.Т., Бейсембаев Б.Ж. Уголовный процесс: Учебно-методическое пособие для студентов юридических специальностей -Павлодар, 2008.

12. Каратаев Т.Ж. Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу құқығы. Қысқаша курс. (Сотқа дейінгі өндіріс). – Алматы, ҚР ІІМ Академиясы, 2008. – 201 б.;

13. Когамов М.Ч. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан: Том 1 - Алматы, 2014.

14. Когамов М.Ч. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан: Том 2 - Алматы, 2015.

15. Нұрмашев Ү. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 368 б.

16. Төлебекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. (Жалпы бөлім). Оқулық. –А, «Жеті-жарғы», 2005. - 416 б.;

17. Шынарбаев Б.К. Жас тергеушілер мен анықтаушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар. Оқу-тәжірибелік құралы. – А., Дәнекер, 2003. -165 б.;

Қосымша:

1. Азаров В.А., Ревенко Н.И., Кузембаева М.М. Функция досудебного расследования в истории, теории и практике уголовного процесса России: Монография - Омск, 2006.

2. Алексеев И. М., Антонов И. А. Уголовный процесс (досудебное производство): Курс лекций - Краснодар, 2021.

3. Бедняков И. Л. Теория доказательств в уголовном процессе: Учебное пособие – Самара, 2017.

4. Головкин Л.В. Курс уголовного процесса: Москва, 2017.

5. Деришев Ю.В. Проблемы организации досудебного производства по УПК РФ: Монография. - Омск, 2003.

6. Диваев А. Б. Меры пресечения в уголовном процессе: теоретические основы: Монография - Новокузнецк, 2020.

7. Парфёнов А.А., Юлдошев Р.Р. Уголовный процесс и Криминалистика: Учеб. пособие - Душанбе, 2017.

8. Плетникова М. С., Ретюнских И. А. Уголовный процесс. Досудебное производство: учеб. нагляд. пособие - Екатеринбург, 2020.

9. Стельмах В. Ю. Меры уголовно-процессуального принуждения: Учеб. пособие - Екатеринбург, 2021.

Электронные носители и ресурсы Интернет:

<http://www.nlrk.kz> - Национальная библиотека Республики Казахстан

<http://www.nabr.kz> - Национальная Академическая библиотека Республики Казахстан

<http://library.ksu.kz> - Научная библиотека КарГУ им. Е.А. Букетова

<http://lib.kazsu.kz> - Библиотека КазНУ им. Аль-Фараби

<http://www.library.kz/> - Центральная научная библиотека МОН Республики Казахстан

<http://www.aldebaran.ru> - Российская электронная библиотека

<http://www.akorda.kz> - Официальный сайт Президента Республики Казахстан

<http://www.parlam.kz> - Сайт Парламента Республики Казахстан

<http://www.government.kz> – Сайт Правительства Республики Казахстан

<http://www.adilet.zan.kz> - Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан